

Мемлекеттік кірістер органдарының резиденттікті растауға және ресми құжаттарға апостиль қоюға байланысты кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 11 қарашадағы № 689 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 қарашада № 37383 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабы 4-тармағының төртінші бөлігіне, 113-бабының 2-тармағына және 224-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттігін растау қағидалары мен мерзімдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес салықтық резиденттікті растауды алуға арналған салықтық өтініш нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес резиденттікті растайтын құжаттың нысаны;

5) бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттігін растау мемлекеттік қызмет көрсетуден уәждеделген бас тарту туралы шешімнің нысаны;

6) бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюға мемлекеттік қызмет көрсетуден уәждеделген бас тарту туралы шешімнің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының жасанды
интеллект және цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 689 Бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының резиденттігін растау қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының резиденттігін растау қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық Кодексі) 224-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдарының (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жолымен Қазақстан Республикасының резиденттігін растаудың тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

3. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып

тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне өзгерістер енгізу туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына жібереді.

4. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйеде ақау болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ақау орын алған сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, мемлекеттік қызметті алу үшін берілген өтінімнің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алушының атауы, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы, қатеге алып келген әрекеттер тізбесінің сипаттамасы, туындаған мәселені түсіндіретін скриншоттар бойынша ақпаратты міндетті түрде ұсына отырып, <https://support.ecc.kz> платформасы арқылы техникалық қолдау қызметіне сұрау салу жолдайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасының резиденттігін растау тәртібі мен мерзімдері

5. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;
- 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі-портал);
- 4) ақпараттандыру объектілері арқылы, "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы ақпараттық жүйе (www.knp.kgd.gov.kz) (бұдан әрі – салық төлеушінің кабинеті) арқылы жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге немесе пошта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды өңдеуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне береді.

Электрондық түрде жүгінген кезде – "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық резиденттікті растауды алуға салықтық өтініш (бұдан әрі - салықтық өтініш) портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

6. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 3-тармағында көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резиденттікті растауға құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Портал, Салық төлеушінің кабинеті арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған

құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды толық ұсыну фактісі анықталған кезде құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер салықтық өтінішті алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттарды мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесіне енгізеді және өңдейді.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резиденттікті растайтын құжат (бұдан әрі - резиденттікті растайтын құжат) немесе Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының резиденттігін растау мемлекеттік қызмет көрсетуден уәждеделген бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – уәждеделген бас тарту туралы шешім) қағаз немесе электронды түрде беріледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне резиденттігін растайтын құжатты беру де "Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" атына жүзеге асырылады.

7. Дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты, өкіл Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін құжатты ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мерзімінде талап етілмеген құжаттарды сақтау шарттары:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Қажет болған жағдайда резиденттікті растайтын шығыс қағаз құжатына апостиль қою рәсімі осы бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібі

9. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне):

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтар мен бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым береді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тікелей көрсететін Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәждеделген ұстанымын ұсынады.

Қазақстан Республикасының
резиденттігін растау қағидалары
мен мерзімдеріне 1-қосымша

"Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
2	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпараттық объектілердің мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал); 4) ақпараттандыру объектісі, www.knp.kgd.gov.kz . "Салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы (бұдан әрі - Салық төлеуші кабинеті) арқылы.
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде; 2) көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут; 3) Мемлекеттік корпорацияның көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз жеткізгіште.

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резиденттігін растайтын құжатты немесе оның телнұсқасын беру немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәждеделген бас тарту туралы шешім.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын алым мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	"Астана" халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қоспағанда, мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. АХҚО-ның инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның резиденттігін растайтын құжатты бергені үшін алым республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыста болатын 7000 айлық есептік көрсеткішті құрайды.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорация – Еңбек кодексіне және Мереке туралы заңға сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпараттық объектілердің жұмыс уақыты

корпорацияның халыққа қызмет көрсету жөніндегі кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.

Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті брондау мүмкіндігі бар;

3) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні беріледі);

4) "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні беріледі).

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайы:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz;
- 3) www.egov.kz порталы;
- 4) "Салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушы немесе өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілген, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген

құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

1) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес резиденттікті растау туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш);

2) Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ұсынылады.

3) қосымша, тиімді басқару орны Қазақстан Республикасына ауыстырылған бейрезидент заңды тұлғалар, – оның тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында орналасқан резиденттер болып табылатын шетелдік заңды тұлғалар үшін– заңды тұлғаның тиімді басқару орнының (нақты басқару органының орналасқан жерінің) Қазақстан Республикасында бар екендігін растайтын құжаттың (директорлар кеңесінің жалпы жиналысының хаттамасы немесе оны өткізу орны көрсетілген ұқсас орган немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау орнын растайтын өзге де құжаттар, сондай-ақ оны өткізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметі) нотариат куәландырған көшірмесі;

4) резиденттер болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін:

тұлғаның деректерін сәйкестендіру туралы жазбалары және Қазақстан Республикасында келу және кету күндері туралы жазбалар бар шетелдік паспорттың немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінің беттерінің ;

Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса); Қазақстан Республикасында болу және Қазақстан Республикасынан кету күндері туралы белгілері бар

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан сұратылатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Қазақстан Республикасында болу мерзімін растайтын құжаттың (виза немесе басқа құжаттар) нотариат куәландырған көшірмесі. Егер мұндай құжаттың түпнұсқасы ұсынылса, нотариалды куәландыру талап етілмейді;

5) Қазақстан Республикасында өмірлік мүдделер орталығының болуы негізінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның резиденттігін растау үшін – Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 222-бабының 3-тармағында көрсетілген шарттарды растайтын нотариат куәландырған құжаттар;

6) көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде – "Астана" халықаралық қаржы орталығының инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам:

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резиденттікті растау туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш);

нотариалды куәландырылған шетелдік паспорттың немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінің электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасында болу мерзімін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған электрондық көшірмесі (виза немесе басқа құжаттар);

резиденттікті растайтын құжатты бергені үшін алымның төленгенін растайтын электрондық құжат;

АХҚО-ның инвестициялық салықтық резидент бағдарламасына сәйкес инвестицияларды іске асыру туралы АХҚО актісінде белгіленген нысан бойынша тиісті кезеңге АХҚО әкімшілігі берген электрондық растау хаты;

шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам АХҚО инвестициялық салықтық резидент бағдарламасына қатысуға

		бастапқы өтініш бергенге дейінгі соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған тұлға болып табылмайтыны туралы ішкі істер органы берген электрондық растау хаты. Осы абзацтың мақсаты үшін ішкі істер органы берген растау хатында шетелдіктің төлқұжатындағы немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінің мәліметтері болуы тиіс. Бастапқы өтініш бойынша резиденттікті растайтын құжатты беру кезінде, одан кейін резиденттікті растауға салықтық өтініш берген кезде ішкі істер органы берген растау хатын ұсыну талап етілмейді. Резиденттікті растайтын құжаттың телнұсқасын алу үшін: Мемлекеттік корпорацияға: осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес салықтық өтініш; порталға, Салық төлеуші кабинетіне: осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	1) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 222 және 223-бабының шарттарына сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарда және (немесе) оларда қамтылған деректерде (мәліметтерде) дәлсіздіктер анықталса; 3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы

		Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі; 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсету ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұрғылықты жеріне барып жүргізеді (Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде). Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы және көрсетілетін қызметті берушінің "Салық төлеушінің кабинеті" интернет-ресурсы арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті", Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алады.

Қазақстан Республикасының резиденттігін растау қағидалары мен мерзімдеріне 2-қосымша

НЫСАН

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол

жеке басын куәландыратын

құжатта

көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)
немесе

көрсетілетін қызметті алушы

ұйымның атауы және оның
мекенжайы)

Резиденттікті растау үшін құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттардың толық ұсынылмауын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттардың ұсынылуына байланысты (керегінің астын сызу қажет):

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____

" _____ " мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалады.

Орындаушы: _____

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә.) (қолы)

Телефоны: _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./қолы

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 689 Бұйрығына 2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе)

олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдарының көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке тұлға – Салық кодексінің немесе қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес резидент немесе бейрезидент тұлға;

2) заңды тұлға – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай және тұрақты мекеме құра отырып жүзеге асыратын бейрезидент немесе резидент тұлға.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

4. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне өзгерістер енгізу туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі

5. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1. көрсетілетін қызметті беруші арқылы;

2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

Келу тәртібінде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды өңдеуге жауапты бөлімшесіне жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді порталы арқылы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

6. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша резиденттікті растауға құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан

Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Құжаттарды толық ұсыну фактісі анықталған кезде, жауапты қызметкер құжаттар қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде апостиль қояды.

Тиісті құжаттарды қосымша тексеру (құжаттың түпнұсқалығын растау үшін шет мемлекеттің мемлекеттік органына сұрау салу) қажет болған жағдайда – құжаттар қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде апостиль қояды.

Көрсетілетін қызмет алушы Мемлекеттік корпорацияға Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе қолдану мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бойынша апостиль қоюға құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі немесе Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша апостиль қоюдан уәждеделген бас тарту туралы шешім шығарылады.

Қызмет көрсетуге бас тарту негіздері Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайда, қызметті беруші құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыны қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім және алдын ала шешімге қатысты өзінің пікірін білдіруге мүмкіндік алу үшін тыңдау уақыты мен орны (немесе тәсілі) туралы хабардар етеді.

Құжаттарды қағаз түрінде ұсынған көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет туралы шешім қабылданар алдында кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламадан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтеді.

Құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыны тыңдаудың нәтижелері бойынша хаттама толтырылады.

7. Дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты, өкіл Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін құжатты ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға белгіленген мерзімде жүгенбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді, кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібі

9. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне):

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтар мен бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым береді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тікелей көрсететін Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәждеделген ұстанымын ұсынады.

Қаржы министрлігінің
құрылымдық бөлімшелерінен
және (немесе) олардың
аумақтық бөлімшелерінен
шығатын ресми құжаттарға
апостиль қою" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына 1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

11	Қызмет көрсетушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
22 2	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
33	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері	1) құжаттарға апостиль қою – көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде; 2) тиісті құжаттарды қосымша тексеру қажет болған жағдайда құжаттарға апостиль қою – көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; 3) жеке практикамен айналысуға байланысты қызметті тоқтатқан кезде көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут; 4) Мемлекеттік корпорацияның көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 (он бес) минут.
44	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз жеткізгіште.
		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық

55	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	бөлімшелері және (немесе) көрсетілетін қызметті беруші беретін ресми құжаттарға апостиль қою немесе уәжелген бас тарту.
66	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын алым мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 664-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін алынатын мемлекеттік баж әрбір құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; Мемлекеттік бажды бюджетке төлеу апостиль қойылғанға дейін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы апостиль қою үшін келіп түскен құжаттарға апостиль қою кезінде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорация – Еңбек кодексіне және Мереке

77	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпараттық объектілердің жұмыс уақыты	туралы заңға сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету жөніндегі кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті брондау мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайы: 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz; 2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
88	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан сұратылатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның нотариат куәландырған сенімхат бойынша өкілі көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: 1) апостиль қоюға жататын құжат; 2) Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ұсынылады. 3) апостиль қою үшін бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
		1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарда және (немесе) оларда қамтылған деректерде (

19	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	мәліметтерде) дәлсіздік анықталса ; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
110	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсету ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұрғылықты жеріне барып жүргізеді (Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде). Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы және көрсетілетін қызметті берушінің "Салық төлеушінің кабинеті" интернет-ресурсы арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті", Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алады.

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
құрылымдық бөлімшелерінен
және (немесе) олардың
аумақтық бөлімшелерінен
шығатын ресми құжаттарға
апостиль қою" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына 2-қосымша

нысан

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол

жеке басын куәландыратын
құжатта

көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)
немесе

көрсетілетін қызметті алушы

ұйымның атауы және оның
мекенжайы)

Апостиль қою үшін құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттардың толық ұсынылмауын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттардың ұсынылуына байланысты (керегінің астын сызу қажет):

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____

" _____ " мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалады.

Орындаушы: _____

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә.) (қолы)

Телефоны: _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./қолы

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 689 Бұйрығына 2-қосымша

НЫСАН

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол

жеке басын куәландыратын
құжатта

көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)
немесе

көрсетілетін қызметті алушы

ұйымның атауы және оның
мекенжайы)

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжделген бас тарту туралы шешім

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____

Осы уәжделген бас тарту әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалады.

(көрсетілетін қызметті берушінің аты-жөні, лауазымы, қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефоны: _____

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә.) (қолы)

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./ қолы)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 689 Бұйрығына 3-қосымша

НЫСАН

САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІКТІ
РАСТАУДЫ АЛУҒА
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӨРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1	Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)	
2	Заңды тұлғаның атауы	
3	Заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті	☐ A Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға ☐ B Тиімді басқару орны (нақты басқару органының тұрған жері) Қазақстан Республикасында орналасқан шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құралған заңды тұлға ☐
4	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
	A Тегі	
	B Аты	
	C Әкесінің аты	
5	Жеке тұлғаның резиденттік түрі (тиісті төркөзде ☒ көрсетіңіз):	☐ A Қазақстан Республикасына тұрақты келетін Қазақстан Республикасының азаматы ☐ B Қазақстан Республикасында тұрақты болмайтын, бірақ өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында болатын Қазақстан Республикасының азаматы ☐ C Қазақстан Республикасында тұрақты болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға ☐
	D Қазақстан Республикасында тұрақты болмайтын, бірақ өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға ☐	E «Астана» Халықаралық қаржы орталығының инвестициялық резиденті болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға ☐
6	Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы байланыс ақпараты	
	A Ел коды	
	B Мекенжайдың тіркеу коды	
	C Облыс	
	D республикалық/облыстық маңызы бар қала	
	E Аудан	
	F Аудандық маңызы бар қала/кент/ауыл:	
	G Елді мекеннің бір бөлігі көше, даңғыл және т.б.)	
	H Үй нөмірі	
	I Пәтер/үй-жай нөмірі	
	J Телефон нөмірі	
	K Электронды пошта мекенжайы	

Бөлім. Резиденттікті растайтын құжатты алуы туралы мәлімет

7	Салық кодексінің 224 бабының 2 тармағына сәйкес шет мемлекет көздеріндегі табыстарға байланысты Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, қосарланған салық салуды болғызбау және табысқа немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын кесу туралы халықаралық шарттың қолдану мақсатында, Қазақстан Республикасының резиденттігін растауды сұраймын: :	☐ I Сұратылған құжат түрі ☐ A электронды ☐ B қағаз түрінде ☐
	II Апостиль кою қажеттілігі (егер I B ұяшығы белгіленсе)	☐ A Иә ☐ B Жоқ ☐
	III Сұратылған құжат тілі	☐ A қазақ ☐ B орыс ☐ C ағылшын ☐

IV Апостиль үшін алымдардың төленуі туралы тәлемет (егер II А ұяшығы белгіленсе)

A Құжат нөмірі (түбіртек)	B Төлем күні күн ай жыл	C Төленген алым сомасы млн мың
---	--	---


А №		В Елдің* коды		С Елдің атауы*		D Салық кезеңі -(дер)		Е Дана саны	
						<			

Шектеу сымығынан шықпаңыз

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға басшысының аты-жөні _____ Қолы _____

Салықтық өтініштің

тапсырылған күні: Сандармен күні, айы, жылы.



Шектеу сызығынан шықпаңыз
Өтінішті қабылдаған мемлекеттік органның лауазымды адамының аты-жөні _____ / _____ / Қолы

Салықтық
өтініштің
қабылданған
күні

Саңармен күні, айы, жылы

Құжаттың кіріс нөмірі

Мемлекеттік кірістер
органының коды

**Пошта
штемпелінің күні**
(салықтық өсіміз поштамен талқылағын
жағдайға тоқтырыламыз)

□ □ □ □ □ □ □ □ □ □
Сандармен күні, айы, жылы

M.O.

нысан



[QR-код]

Резиденттікті растайтын құжат

Қазақстан Республикасының құзыретті органы _____
жеке сәйкестендіру нөмірін/бизнес сәйкестендіру нөмірін (ЖСН/БСН)

_____ бере отырып, 20__ жылғы "___" _____ бастап

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатынын растайды.

Осы резиденттікті растайтын құжат Қазақстан Республикасы мен _____
арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қосарланған салық салуды
болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы халықаралық шарттың
ережелерін қолдану үшін/ өзге де мақсаттар _____ үшін беріледі

(қандай мақсаттарға арналғанын көрсетіңіз)

Осы резиденттікті растайтын құжат _____ жылға беріледі.

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Мөр орны _____

Қолы _____

Берілген күні 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 11 қарашадағы
№ 689 Бұйрығына 5-қосымша

нысан

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол

жеке басын куәландыратын
құжатта

көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)
немесе

көрсетілетін қызметті алушы

ұйымның атауы және оның
мекенжайы)

Резиденттікті растау үшін құжаттарды қабылдаудан уәждеделген бас тарту туралы шешім

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 222 және 223-бабының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты "Қазақстан Республикасының резиденттігін растау" мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартады:

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) _____;

2) _____;

3) _____.

Осы уәждеделген бас тарту әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалады.

(көрсетілетін қызмет берушінің аты-жөні, лауазымы, қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефон: _____

(Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) (қолы)

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./қолы)

20__ жылғы " __ " _____